

Д. Оспанова\* , Г. Сағидолда 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: [dana.zhanabekkyzy@gmail.com](mailto:dana.zhanabekkyzy@gmail.com)

## ТІЛ ЖӘНЕ ЭМОЦИЯ: ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ЭМОТИВТІ БІРЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада түркі тілдері мен мәдениетіне ортақ XI ғасыр туындысы «Құтты Білік» дастанындағы «өкініш, қайғы, сағыныш, күйініш» сынды эмоциялық негативті ішкі күйді білдіретін тіл бірліктері зерттелді, ондағы ішкі көңіл күйдің берілу тәсілдері, жалпы эмоцияның параметрлері қарастырылды. Бүгінгі күнге дейін эмотивтер түркі тілдерінде жекелеген жұмыстарда зерттеу нысанына алынғанымен, түркі тілдері бойынша тарихи және мәдени тұрғыдан түркі жұртына ортақ мәтін мен оның аудармалары арқылы салыстырмалы зерттеу алғаш қолға алынып отыр. Зерттеудің мақсаты – «Құтты білік» пен оның ағылшын, түрік, қазақ, әзербайжан тілдеріндегі мәтіндердегі эмотивті лексиканы салыстыру арқылы әр түркі тілінде эмотивті бірліктерді көрсетіп, олардың тілдік және мәдени ерекшеліктерін, эмотивті әлеуетін анықтау. Зерттеудің нысаны – «Құтты білік» еңбегіндегі және оның қазақ, түрік, әзербайжан және ағылшын тіліндегі аударма мәтіндеріндегі эмотивті лексика. Зерттеу жұмысында салыстыру, сипаттау, түркі тілдеріндегі эмотивтерге семантикалық талдау жасау, психолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық талдау салғастыру, жіктеу, сипаттау, статистикалық талдау тәсілдері қолданылды. Мәтіндегі эмоциялық күйдің қазіргі түркі тілдеріндегі қабылдану және келесі оқырманға жеткізілу ерекшеліктері айқындалып, бір лингвомәдени кеңістіктегі тілдердің эмоцияны қабылдау және жеткізу құзыреті, әр тіл өкілінің (аудармашының) эмотивті әлемі танытылды. Нәтижесінде түркі тілдеріндегі эмотивті код көрсеткіші, әр мәдени-ұлттық лексикадағы эмоциялық қор, көзқарас ерекшеліктері кестеге түсірілді. Мысалдарды талдау арқылы «эмоционалдылық» пен «эмотивтілік» ұғымдарының айырмашылығы көрсетілді.

**Түйін сөздер:** эмоция, эмотивтілік, түркі тілдері, шығыстану, эмотивті код, аударма.

D. Ospanova\*, G. Sagidolda

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

\*e-mail: [dana.zhanabekkyzy@gmail.com](mailto:dana.zhanabekkyzy@gmail.com)

### Language and emotion: emotive units in turkic languages and their cultural and linguistic features

In this article, the language units representing the emotive negative inner state such as "regret, sadness, longing, grief" in the 11th century work "Qutty Bilik" epic, which is common to Turkic languages and culture, were studied. Also, the ways of internal state of mind and parameters of general emotions are considered in it. To date, emotives have been studied in separate works in Turkic languages, but for the first time, a comparative study of Turkic languages through a text common to the Turkic people and its translations has been undertaken from a historical and cultural point of view. The purpose of the study is to determine the typical parametric features of emotiveness in the Oghuz-Kipchak linguistic and cultural space by comparing the emotive vocabulary of "Qutty Bilik" and its translations in English, Turkish, Kazakh, and Azerbaijani languages. The main object of research is the emotive vocabulary in the work "Qutty Bilik". The article analyzes the features of the equivalence of emotive vocabulary and the selection of emotive units when the work is translated into different languages. In order to achieve the goal of the research, in addition to comparative historical and descriptive methods, semantic analysis of emotives in Turkic languages, psycholinguistic, linguistic and cultural analysis, lexical analysis, classification into groups, description, statistical analysis methods were used. The characteristics of the emotive state in the original text in modern Turkic languages are defined and transmitted to the next reader, the competence of the languages in the same linguistic and cultural space to perceive and convey emotions, and the emotive world of each language representative (in this case, the translator) are shown.

**Key words:** emotion, emotivity, Turkic languages, Oriental studies, emotive code, translation.

Д. Оспанова\*, Г. Сағидолда

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

\*e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

### Язык и эмоции: эмотивные единицы в тюркских языках и их культурно-языковые особенности

В этой статье были изучены языковые единицы, представляющие эмоционально негативное внутреннее состояние, такие как "сожаление, грусть, тоска, огорчение" в произведении XI века "Кутты билик" эпоса, который является общим для тюркских языков и культуры. Также в нем рассматриваются способы внутреннего состояния ума и параметры общих эмоций. На сегодняшний день эмотивы изучались в отдельных работах на тюркских языках, но впервые было предпринято сравнительное изучение тюркских языков через текст, общий для тюркских народов, и его переводы с исторической и культурной точки зрения. Цель исследования – определить типичные параметрические особенности эмоциональности в огузско-кыпчакском лингвокультурном пространстве путем сравнения эмоциональной лексики "Кутты билик" и ее переводов на английский, турецкий, казахский и азербайджанский языки. Основным объектом исследования является эмотивная лексика в произведении "Кутты билик". В статье анализируются особенности эквивалентности эмотивной лексики и отбора эмотивных единиц при переводе произведения на разные языки. Для достижения цели исследования, помимо сравнительно-исторических и описательных методов, были использованы семантический анализ эмотивов в тюркских языках, психолингвистический, лингвокультурологический анализ, лексический анализ, классификация по группам, описание, методы статистического анализа. Определяются и передаются следующему читателю характеристики эмоционального состояния в оригинальном тексте на современных тюркских языках, показана компетентность языков в одном лингвокультурном пространстве воспринимать и передавать эмоции, а также эмоциональный мир каждого представителя языка.

**Ключевые слова:** эмоция, эмотивность, тюркские языки, востоковедение, эмотивный код, перевод.

#### Кіріспе

Түркі тілдері бұл бағыттағы бірліктерге, құралдарға бай әрі сан қырлы. Күнделікті қарым-қатынаста ішкі эмоцияны білдіруге қолданылатын тіл элементтері (сөйлем, тіркес, фразалар, мақал-мәтелдер, одағайлар, т.б.) тіл мен қоғам мәдениетін ортаға шығара отырып, сөзге (айтылымға) белгілі реңк, әсер қосу қызметін атқарады. Яғни адам қарым-қатынас кезінде де, ішкі сөйлеу, тіпті жазбаша сөйлеу кезінде де эмоционалдық күй кешеді: қуанады, шабыттанады, ренжиді, т.б. Осы көңіл-күйі мен ішкі ойымыздың барлығы дерлік тілімізде түрлі дәрежеде көрініс табады (Альба-Хуэс, 2018). Сондықтан эмоциялар мен сезімдер физиологтар мен психологтардың ғана емес, тілтанушылардың да бұл бағытты терең зерттеуін қажет етеді (Шаховский, 2010).

Қазіргі ғылымда «тіл және эмоция» мәселесін тәпсірлеу бірнеше бағыт шеңберінде жүзеге асады: құрылымдық-семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, когнитивті, психолингвистикалық, лингвомәдениеттану. Мұндай көппарадигмалылық бұл саланың нысанды бірден әртүрлі бағыт бойынша қарастырып, нысанға кешенді түрде мән беруге мүмкіндік береді.

Ал тілдегі эмотивтілік – таза лингвистикалық сипаттан пәнаралық кешенділікке бет бұрған сүбелі ғылым салаларында қолға алына қоймаған тың да күрделі тақырып. Мақалада осы бағытта пайда болып, жеке сала ретінде іргесі қалана бастаған *эмоция тілтануы*, тіл біліміндегі жаңаша, эмотивті тәсілдеме жайында, оның лингвомәдени аядағы орнын сөз етіп, қыпшақ және оғыз тобы тілдеріндегі эмотивті лексиканы талдамақпыз. Бұл бағытта іргелі зерттеулер мен эксперименттер қатары көбейе бастағанымен, дәл лингвокультурологиялық кеңістіктегі тілдердің эмотивті қыры, байланысы, әр тіл өкілінің эмоционалды тілі мен мәдениетінің қатысы және эмоцияның параметрлері мен тілдік тәсілдері жеке зерттеулерде қарастырылмай келеді.

Тұлға эмоциясының формаға түсуінде ақыл мен дененің рөлімен қоса, мәдениеттің де әсері мейлінше зор. Эмоциялар, белгілі мәдениетке, белгілі қоғам (ұлт) менталитетіне қатысты болғандықтан, олар мәдени кеңістікте те әртүрлілікке ие. Әрбір тілде сөзге салынған эмоцияның көріністері бар. Адамның өзін қоршаған әлеммен және өз-өзімен байланысын бейнелейтін бөлшектер әр халықтың мәдени ерекшеліктерін көрсетеді (Насіззәде 2012: 9). Демек эмоциялар өмір сүріп жатқан мәдениеттің болмысы мен

ерекшелігіне қарай формаланады дей аламыз. Мақалада «Құтты білікте» берілген мотивті лексиканың берілуін салыстыра саралап, бүгінгі түркі тілдері мәдениетіне қандай элементтер жеткендігін анықтауға тырыстық.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Жұмысымыздың басты дереккөзі ретінде алынған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны – көне түркі тілінде жазылған алғашқы түркі әлемінің қазыналарының бірі. Дастанның тіліне келер болсақ, «қарлұқ-қыпшақ», «оғыз-қыпшақ», «түркі тілі» десек те, «Құтты біліктің» коспасы аз, таза түркі тіліндегі шығарма екендігі даусыз» (Егеубай, 1986: 3). Сол себепті мотивті лексиканың сонау ескі жазбалардағы рөлі қандай болды және ол өзге түркі тілдеріне, әсіресе, оғыз-қыпшақ тілдеріне қалай аударылғанын анықтауда бұл еңбектің мәтіні мақсатқа сай болмақ.

Дастанның көркемдік ерекшелігі, тілі, құрылымы, мәдени, философиялық-дидактикалық мәні тұрғысынан және таза тілдік тұрғыдан зерттеліп, сол бағытта елеулі зерттеулердің шыққаны белгілі. Зерттеулерге қарасақ, қараханлы түрікшесінде жазылған, сол дәуірдегі М.Қашқаридің «Диуани лұғаты», «Ақиқат сыйы», Диуани Хикмет және Құтты білік дастандары арасында «Құтты білік» дастанында эмоцияны білдіретін сөзқолданыстардың молдығы байқалады.

Осы материалдар мен тұжырымдарды талдап, талқылау, мақала мақсатына жету салыстырмалы-тарихи және сипаттау әдістерімен қатар, түркі тілдеріндегі мотивтерді семантикалық талдау, психоллингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық талдау салғастыру, лексикалық талдау, топтарға жіктеу, сипаттау, статистикалық талдау жұмыстары жүргізілді. Жұмыстарды жүргізу үшін негізгі материал ретінде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының оригинал мәтіні (дайындаған М.Качалын), түрік тілінде Р.Араттың аудармасы (1959), Әзербайжанша К.Вәлиев, Р.Әскәр (1994) аудармасы, қазақша А.Егеубаевтың (1986) аударма нұсқалары қолданылды. Әр нұсқадағы мысалдар қолма-қол теру әдісімен жинақталып, сөздікпен жұмыс жасалды. Таңдалып алынған мысалдар топталып, тақырыптық талдау арқылы сәйкес үзінділер берілді.

Әдебиетке шолу. Эмотиология бағытында ерекше зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарында В.И.Шаховский, А.Вежвицкая, Э.С.Азнаурова, С.Б.Берлизон, И.В.Арнольд, Е.М.Галкина-

Федорук, М.Д. Городникова, В.А.Мальцев, Н.М.Михайловская, Н.М.Павлова және т.б. атай аламыз. Осы аталған ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарын өз мақаламызда пайдаланып, тұжырым жасауда дәлел ете аламыз.

Кейбір лингвистер лингвистикадағы мотивтілікті жоққа шығарады. Мәселен, Е.М.Галкина-Федорук тілде эмоционалды лексика болмайды деген болжам жасайды. В.А.Звегинцев эмоциялар тіл құрылымына кірмейді деп есептейді. Ал Ш.Балли тілде бәрі эмоционалды деген пікір білдіреді. В.Г. Гак та барлық айтылымдар эмоционалды десе, Е.Ю.Мягкова тілдегі барлық лексика, сөз эмоционалды деп санайды (Шаховский, 2010: 41). Яғни эмоция – сөзге арқау болатын мотивация, ол тілді белгілі деңгейдегі мотивті құрылымға айналдырады. Тілде бәрі эмоционалды емес, бірақ қолданыста бәрі эмоцияны жеткізуге тура не жанама қызмет етіп тұрады.

Ғалымдардың айтуынша, әрбір тілдегі барлық сөз белгілі деңгейде мотивті. Олардың мотивтілігін дара тұрғандағы немесе сөздіктегі мағынасынан емес, олардың әрекеттегі күйінен танымыз (Ларина, 2015). Олардың әрекетке түсуі де сөз бен сөздің байланысында, не мәтінде, не ауызша сөйлесімде. Түркі тілдеріне ортақ тарихи еңбектердегі әрбір мәтінде жалпы түркі жұртының сана-сезімі, мәдениеті, ортақ болмыс көрініс табады.

Бұл бағытта қазақ, түрік, әзербайжан тілдерінде де азды-көпті зерттеулер жасалған. Қазақ тілінде «мотивтілік» тақырыбында қорғалған бірнеше диссертация мен Б.Жөнкешовтің (2006), Ф.Иманалиеваның (2011) еңбектерін осы бағыттағы жеке зерттеулерге жатқыза аламыз. Ғалым Иманалиева (2011) бұл бағытта лингвомәдени тұрғыдан жазылған зерттеулердің жоқтығын айтып, өзектілігін көрсетіп берген болатын: «Бүгінгі күні тіл білімінде тілдік бірліктерді әлеуметтік-мәдени аспектіде қарастыру ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Мәдениет пен адам факторының тілде ерекше көрініс табатын элементтерінің бірі – эмоция» (Иманалиева, 2011: 12). Түрік тілінде ғалым А.Тузлуның (2012) түркі тілдерінде эмоцияны білдіруге арналған лексикалық бірліктерге арналған еңбектері, әзербайжан тілінде Т.Джалилованың (1992), Г.Исмаилованың (2017) эмоция қызметін талдауға арналған зерттеу жұмыстарын, З.Ф.Шайхисламова мен Ф.Саньяровтың және Г.Исянгулованың (2020) башқұрт тіліндегі эмоция білдіру формаларына, эмоционалды

коммуникацияға қатысты еңбектерін бағыт ете аламыз.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Тілдегі эмоциялар әмбебап және өзіндік сипатқа ие. Бұл көзқарастың көптеген еңбектерден дәлелденгенін көре аламыз (Russel, Wierzbicka 1999, Harkins). Альба-Хуэс Л., Ларина Т.В. (1991) мен А.Вежбицкая (2001) айтуынша, бір тілдегі белгілі бір сөздердің екінші бір тілде кездеспеуі әбден мүмкін. Мысалы, ағылшын тіліндегі «sad» and «sadness» сөздерінің орыс тілінде де қайғы-мұңға қатысты ұзақтық пен қарқындылық айырмашылықтарын көрсететін нақты эквиваленті жоқтығын көрсетеді (грусть, печаль, тоска). Мұндай мәселелер түркі тілдері арасындағы мәдени-тілдік қатынаста да жиі кездеседі. Мәселен, қазақ тіліндегі «айналайын» сөзінің эмотивті ренін, мағынасын дәл сол күйінде түрік немесе әзербайжан тілдеріне аудару қиын. *«Айналайын» сөзінің сөздіктегі мағынасы:* 1) «од.экспр. Үлкен адамның өзінен кіші адамды жақы көргенде айтатын сөзі»; 2) Еркелету, көңіл күйін білдіретін «қарағым», «қалқам» мәтіндегі қаратпа атауыш. 3) Жалынып, жалбарыну мағынасындағы одағай сөз. *Айналайын Құдай-ау, Қапалық салдың жасымнан. Шешенің зарын тарттырдың Бес жасымда басымнан (Абай, Тол. жин.). (ҚӘТС).*

Байқағанымыздай, «айналайын» сөзі – көрсетілген мысалдарда – эмотив. Өне бойына айтушының ішкі сезіміне сай эмоциялық реңк сақтай отырып, этимологиялық тұрғыдан тарихы тереңге жайлаған «айналу» жоралғысымен байланысын да жоймай келеді. Яғни бұл сөзді қолданушы сөздің түп төркінінен хабары болмаса да, сөздің ішкі шынайы әрі терең эмоцияға сай таңдалып, эмотивке айналып тұрғаны анық.

**Қазақ тіліндегі «айналайын» сөзін одағай болғандығынан емес, өзіндік тікелей эмоцияға қатысты, оны білдіру әлеуетіне қатысты қай сөйлемде, қандай қолданыста болмасын «эмотив» болады дей аламыз.**

Түрік немесе әзербайжан тілінде бұл сөздің түбірі «айналу» етістігі қазақ тіліндегідей мағынада жиі қолданылады. Алайда эмотив ретінде аудармасы ситуациясына қарай әртүрлі аударылар еді. Бұл жерде этимологиялық тұрғыдан «айналу» рәсімінің бүгінгі қазақ мәдениетінде «айналайын» сөзінің бойында сақталып, өзге тілдерде ұмыт қалғандығын байқаймыз.

Ғалым Ларина ағылшын тіліндегі *hap-py* сөзінің орыс тіліндегі «счастливый» сөзіне

қарағанда қолданысы мен мәні кең екендігін көрсетеді. Жалпы ғалымдардың көпшілігі көптеген тілдерде көңіл-күйді, ішкі сезімді білдіретін бірліктер сын есім емес, эмоцияны білдіруде етістіктердің белсенді қолданысқа еніп, эмотивке айналатынын дәлелдеген (Вежвицкая, 2001: 43). Сондай-ақ олардың берілу жолдарының да алуан түрлілігін ескерген жөн.

Қазақ, түрік, әзербайжан тілдері өз тұтынушысының мәдени-ұлттық ерекшеліктеріне сай жоғары дәрежеде эмотивті лексикаға бай. Эмоцияны білдіруге арналған одағай, фразеологизмдер, мақал мен мәтелдер, қаратпа сөздер, диминутивтерден басқа сөйлесім кезінде қолданылатын әрбір сөздің айтылымда белгілі эмоцияға, мақсатқа сай таңдалатыны белгілі. Жоғарыдағы мысалдарды өрбітер болсақ, мәселен түрік тілінде кешірім сұрау мәнінде *«kusura bakmayın»*, *«özür dilerim»*, *«affet»*, *«affedersiniz»* мысалдарының жағдаятқа, эмоцияға, орнына, этикаға орай өз қолданыс орны бар. Алғашқысы тыңдаушының «көңілін алу», сыпайылық мақсатында айтылса, екінші *«özür dilerim»* тіркесін «кінәсі бар адам» ғана қолданады. Яғни мұнда «кінәмді кешір» деп өкініш, мойындау қатар келеді. Ал *«affet»* сөзін қолданған адам «күнә» жасаған болуы мүмкін. Мұнда кешірім сұраумен қатар, өкініш, мойындау, жылау, қайғы қатар жүруімен қатар, тыңдаушының ашуы, реніші де ескеріліп тұрады. Яғни бұлар тілде синонимдер болса да, эмотив ретінде бір қатарда жазылмайды.

Тілдегі барлық синонимдер мағыналас сөздер болғанымен, кейде бір сөздің орнына сол сөздің синонимін оңай қоя салуға келмейтінін аңғардық. Себебі онда доминант мағынамен қатар эмотивті реңдік айырмашылық бар. Бұл тұжырымымызға жоғарыдағы мысал дәлел. Сонымен бір тілдегі сөздің эмотив ретінде бір басқа тілде эквиваленті табылмауы да мүмкін. Ал аудармада бұл «табылмау ықтималдылығы» жүрмейді, аудармашы өз бойынан өткізіп, жазушы секілді ойлап, сол күйді бастан кешіру арқылы өз тілінде сол күйге сай сөз таңдайды. Зерттеу жұмысының басты материалына «Құтты білік» дастанының оригинал мәтініндегі ортақ түрік таным түсінігіндегі эмотивтерді ғана алмай, оның түркі тілдеріндегі аудармаларымен салыстыруымыздың себебі де осында.

Сөздің эмотивке айналуына ауызша немесе жазбаша сөйлемдегі айтушыны сезімі, ойы және тыңдаушыға жеткізуді мақсат еткен ой мен сезім бөлігі, ситуация, т.б. сынды факторлар әсер

етеді. Біздің ойымызша, адам айтқан әрбір сөз (немесе сөйлем) белгілі бір деңгейде эмотивті. Себебі эмоция іштегі ойды сыртқа шығарушы күш. Сондықтан талдауға тілдік бірліктерді талдағанда оларды жан-жақты параметрлермен, тәсілдермен қарастыруға тырысамыз. Оған қоса эмотивтік қарым-қатынас әр тілде әртүрлі жүзеге асады. Зерттеушілер (Schwarz-Friesel, 2015) эмоцияны үш параметрмен сипатталатын психикалық үдеріс не күй деп қарастырады: *бағалауыштық, ұзақтық, қалқындылық*. Эмоцияның параметрлерімен қоса, сөйлеу актісінде эмоциялар әртүрлі тәсілдермен берілуі мүмкін: *аталуы, сипатталуы, білдірілуі немесе метафоралық қалыпқа түсірілуі*. Яғни сөз саптаушы өз эмоциясына, ситуацияға сай тәсілдерді де (ол үйренші болуы да мүмкін) таңдап отырады. Алайда эмоцияны білдіретін сөздің бәрі «эмотив» бола бермейді.

Бұл сөзімізді *өкініш, өкіну* эмоциясы арқылы түсіндірер болсақ, «Құтты білікте» бұл номинация түрінде «*ökün*» сөзімен 931 рет кездеседі. Сондай-ақ автор айтушының өз аузынан да ішкі сезімін, өкінішін беріп отырады. Оригинал мәтінде айтушы кейіпкер эмоциясын «өкінді» сөзі арқылы номинация тәсілімен сипаттай келе, келесі өлең жолында ол күйін өз сөзімен айтқызады.

*Көне түркі тілінде:*

*öküندی бу ау toldı tındı uluğ, ауур-мен yitürdüm könilik yoluğ 1128*

*Кз: Күңіренді, қайраны жоқ қолынан: «Жаңылдым», – деп, – туралықтың жолынан!*

*Tr: Bu Ау-Toldı pesiman oldu, uzun müddet sustu: sonra şöyle dedi: – Ben doğru yolu kaybetmişim.*

*Az: / Aјdoldu neşman oldu, uzun müddet cüсdu, Dedi: – Mән һәгигәт јолуну итирмишәм.*

Өкіну // қаз. Күңіренді // түрік. Pişman oldu // азерб. peşman oldu

Берілген мысалда және оның аудармаларында «өкіну» эмоциясының деңгейін, айтушының ішкі күйін «*ауур-мен yitürdüm könilik yoluğ*» мысалы арқылы білеміз. Ал сөйлемдегі қалған бірліктер «өкінді», «бір сәт ойлануы» сол эмотивтердің күшін, бояуын есейте түседі. Алайда автордың өз сөзінен басқасы эмотив емес. Қазақ тілінде «туралықтың жолынан жаңылдым», түрікше аудармасында « – Ben doğru yolu kaybetmişim», әзербайжанша «-Мән һәгигәт јолуну итирмишәм». Әр тілде «өкініш» эмоциясын берсе де аудармалардың аудармашының сезімді беру тәсілімен берілгенін ескергеніміз жөн.

Байқасақ, кейіпкер эмоциясын, ішкі-сыртқы күйін сипаттауда қазақ тіліндегі аудармада

кейіпкердің өкініп күңіреніп, бір сәт үнсіз қалғандығы айтылмайды (*Tındı (түпнұсқа) – sustu (түрік) – susdu (әзерб.)*). Бұған қазақ тілінде түпнұсқадағы «тынды» сөзінің әдетте «Белгілі бір іс-әрекеттің тәмам болуы; тоқталу» (ҚӘТС.14-том) мағынасында қолданылуы және аудармашының «қайраны жоқ қолынан» деп көрнекі тілмен әсерлей беруді жөн көргендігі себеп болуы мүмкін. Қазақ ғалымы А.Байтұрсынұлы Тіл көрнектілігі туралы А.Байтұрсынұлы: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. ... Осы сикты өң берілген сөздер, көрнекі тіл делінеді», – деп жазады (Байтұрсынов, 1989: 154).

Мысалдардан көргеніміздеу, мәтінде не сөйлесімде эмоцияны сипаттаушы не атаушы сөздер (мысалы, қуанды, өкіну, сағынды т.б.) семантикалық тұрғыдан кейіпкердің эмоциясын ашу үшін қолданылады. Берілген «өкіну» сөзінің көне түркі тіліндегі нұсқасы түрік, әзірбайжан тілінде «*ökünç* (сожаление)» сөзінде сақталған, ал «өкіну» етістігінің орнына басқа сөз актив қолданыста: *оригинал мәтіндегі «Ökün» – каются, сожалеть (ДТС:382)*; Әзербайжан тілінде «*Peşman*» – *Öz səhvini və ya nöqsanını başa düşərk buna təəssüflənmə*; түрік тілінде «*Pişman*» *Yaptığı bir işin veya davranışın olumsuz sonucunu görerek üzülen, nadim (TDK sözlüğü: <https://sozluk.gov.tr/>)*. Парсы тілінен алынған *paşimān* немесе *paşmān* پاشمش sözcüğünden alınmıştır. Farsça sözcük Orta Farsça (Pehlevicе veya Partça) *paşēmān* "'geri-düşünen', a.a." sözcüğünden evrilmiştir. Bu sözcük Orta Farsça (Pehlevicе veya Partça) *paş* veya *paşē* "art, arka" ve Orta Farsça (Pehlevicе veya Partça) + *mān* "düşünen" sözcüklerinin bileşigidir.

Ал қазақ тілінде көне түркі тіліндегі «*ökün*» сөзі мағыналық, эмоционалды бояу тұрғысынан дәлме дәл қолданыста (өкіну) болса да, аудармашы А.Егеубай «күңірену» сөзін қолданған (мәні терең: зарлану, азалану, қапалану). Бұл мысалдарда «күңірену» сөзі эмоцияны атағаннан гөрі, бейнелі түрде өкініштің дәрежесін көрсету мақсатында қазақша аудармаға алынғандығы байқалады. Барлық аудармалардағы эмоция (өкініш)

«длительность» параметріне сай, ол сезімнің бір сәттік эмоциялық күй еместігін көреміз. Сондай-ақ қазақ тілінде «*пұшайман*» (жоғарыда берілген «*rişman*» сөзінің эквиваленті) сөзінің мотив ретінде «сорлы», бейшара, мүсәпір, опық жеген кісі сынды реңдері бар. «өкініш», «өкіну, опық жеу». Қазақ фольклорлық жырларында «өкініштен іші өртену» ұғымындағы «пұшманға іші толуды», «опық жеу» мағынасындағы «пұшайман жеу» тіркестері жиі кездеседі (ҚТКСС, 2019). Демек «пұшайман болу» тіркесінің мотив ретінде қолданысы «Құтты білік» дастаны секілді ескі мәтіндермен де байланыста жатыр.

Сонымен жоғарыдағы ойымызға дәлелдер келтіре отырып, эмоционалдылық пен мотивтіліктің аражігін ашып кете аламыз. Эмоционалдылық – іштегі эмоционалды күйзелістен, әсерден арылу және бойдағы психикалық теңдікті сақтау қызметін атқаратын адам қажеттілігімен байланысты психобиологиялық құбы-

лыс. Яғни эмоция бұл жағдайда табиғи, кездейсоқ әрі әрбір күйге (сезімге) ашық характерде болады. Ал «эмотивтілік» – демонстрация эмоция, которая носит преднамеренный характер и представляет собой определенную стратегию коммуникативного поведения. В этом случае эмоции используются с целью прогнозирования и определения ситуации, а также воздействия на других (Ларина, 2015: 146).

Эмоцияны тек сипаттайтын сөздер эмотивті деп аталмайды дедік. Себебі сөйлеуші сөйлеу актісінде ол сезімді, күйді басынан өткермей, тек жанама түрде белгілеуі мүмкін. Десек те мұндай белгілердің нағыз эмотивті сөйлемдерден алыс тұрмайтын сәттері де болады. Яғни эмоцияны білдіруші синтаксистік және просодикалық сипаттағы (интонация, эллипсис, қайталау, т.б.) белгілермен бірге кездесіп жатады. Жоғарыда берілген өкініш сезімінің «Құтты білікте» «*nelük, ne erki*» формасы арқылы берілу тәсілін қарастырайық (1-кесте).

1-кесте. Өкініш эмоциясының «*nelük*» формасы арқылы берілуі

Түпнұсқа	Қазақша	Түрікше	Әзербайжанша
<i>nelük</i> tirdim erdi bu altun kümüş <i>nelük</i> kılmadım men çığayka ülüş	Неге керек күмісін мен алтының, <i>Бөлмедім бе</i> – сауабын ап жарлының.	<i>Niçin</i> bu altın-gümüşü topladım, <i>niçin</i> bunları yoksullara dağıtmadım.	<i>Hijə</i> bu ғызыл-күмүшү, <i>Hijə</i> онлары жохсуллара пайламадым?
<i>nelük</i> kodtum erki bu edgü işig <i>nelük</i> söktüm erki yazuksuz kişig	Неге қойдым жұртқа құлақ салғанды, Неге сөктім, жазығы жоқ жан-дарды.	<i>Ah, sanki niçin</i> bu iyi işi bıraktım: <i>Niçin</i> bu günahsız insanlara kötü sözler söyledim.	<i>Hijə</i> бу жахшы ишдән әл чөкдим, <i>Hijə</i> бу жазыг инсанлары сөждүм?
<i>nelük</i> toğdum erki yana ölgeli <i>nelük</i> küldüm erki sığıt körgeli	Неге тудым, тұрса күтіп бір өлім? Неге күлдім, қайғы барын білемін.	Ölecek olduktan sonra, <i>sanki niye doğdum</i> : ağlayacak olduktan sonra, <i>sanki niye güldüm</i> .	Өләчөкдимсә, <i>nijə</i> доғулдум? Ағлајачағдымса, нә үчүн күлдүм?

Бұл аудармалардан қазақшада оқырманға әсерлі жеткізуге ұмтылысын, әдеби әрі оригинал мәтінде берілген қазіргі қазақ тіліндегі актив-пассив қабаттағы сөздерді жандандыра (сөктім – неге сөктім, ) қолданғанын байқадық. Ал түрік тілінде автор оқырманға барынша мағынаны жеткізуге (сөктім – kötü sözler söyledim), екінші мысал аудармасына «Ah!» көңіл күй одағайын қосу арқылы айтушының налуын, ішкі өкінішін бірге беруді жөн көрген («Ah!»).

Жүсіп Баласағұн өкінішті, ішкі қайғыны өзіне «неге?» сұрағын қою арқылы білдіртсе,

оның түркі тілдеріндегі аудармаларында «Неге?» (қазақша), «Niçin» (түрік), «нијә» (Әзерб), «why?» (ағылшын) сұрау есімдігі арқылы берілген. Яғни барлық аудармаларда оригинал мәтіндегі тәсіл сақталғандығын байқаймыз.

Көне түркі сөздігінде (ДТС): «*nelük* как? Отчего? Каким образом? Почему? Qanü nelük öl-gäj ol beğlig ol каким образом иссякнуть водоем, когда он княжеский?» деп келіп, жоғарыдағы біз келтірген мысалды қоса береді. Оның да аудармасы «зачем скопил я богатства эти? Почему я (его) беднякам не роздал? (ДТС, 358 б).

*Yazukum ne erki bilümez özüm / Ayu birsü eyre eşitsü sözüм (638).*

*“Acaba günahım nedir, kendim bilmiyorum; bana bunu söyle, sonra bir de benim sözüмü dinle” 10 (KB 638).*

*(Айтолдының Күнтудыға қойған сұрағы, көмек сұрауы)*

*(4) Negü kađgu tegdi ne erki ħaling / Manga sözlegil söz sen açğul tiling 14 “Başına ne gibi bir derd geldi, neyin var, bana söyle, izah et” KB 5687).*

Өдгүрміштің Өгдүлмішке айтқан бұл сұрағында өзінің не дерті барын, соны айтқанын қалайды, сол арқылы сөзінде дертін білмегеннен шыққан уайым, шарасыздың хәлін байқатады.

А.Тузлуның (2020) зерттеуі бойынша, қыпшақ және оғыз тілдеріндегі (мысалы, түрік, татар) эмоцияны білдіретін бірліктердің, әсіресе фразеологизмдердің көпшілігі «уайым мен мазасыздық», «реніш пен қайғы», «өкпе» және «қуаныш» сезімдерін білдіретін тіркестер екендігін байқайды. *İnsan his ve duygularını ifade eden deyimlerin kaynakları da çok ve çeşitlidir. Mecaza dayanan deyimlerin iç kalıbının çeşitleri psikolojide bilinen üç his bileşeni olarak ayrılmaktadır: 1) İç organların fizyolojik değişiklikleri ve kişinin belirli duyguyu yaşarken hissettiği fizyolojik duyular; 2) Kişinin tepkisi ve davranış biçimi (mimik, jestler, vücut hareketleri ve aktif hareketler; 3) Yüreğın iç hisleri.* (VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı. I cilt. 24-28 Eylül 2012. Ankara, 2020. 1586 s. Татар және түрік тілдерінде эмотивті тип салыстырмалы ұқсастыққа негізделсе, мәдени типте ұқсастық аз болады. Мұндай типке бөлу тілдер арасындағы сөйлеу актісін қарастырғанда маңызды. Себебі физиологиялық тип әмбебап сипатқа ие және әртүрлі тілдерде сәйкес келіп жатады (қайнау – ренжу). Ал когнитивті типтегі метафоралар тілдерде айырмашылығы болғанымен, тіл өкілдеріне түсінікті дәрежеде (қайғы – өлім). Мәдени метафораларға келсек, олар ұлттық-мәдени даралық сипатқа ие.

Жоғарыда келтірілген өкініш, қайғы, уайым, құлазу сынды негативті ішкі күйді қазақ тілінде «мұң» концептісімен байланыстыра аламыз. «Мұң, ең алдымен, өте күшті сезім мен эмоцияны жинақтап, тәртіпке, жүйеге түсіретін психикалық форма болып табылады. Эмоция түрлері психикалық формаға түскенде ғана лирикалық көңіл күйіне көшпек. Яғни мұң иррационалды күшке айналуы үшін, алдымен, лирикалық эмоцияға өтеді. Осыдан келіп бірте-бірте психикалық процестер мен күштердің

жиынтығын, тұтастығын түзетін экзистенция туады. Осыдан бастап мұң – толғанысқа берілудің өте күрделі формасына айналады (Жаманбаева; 1998: 69). Мұңның ең жоғарғы формасы – объективті күшке айналған даналық формасы. Бұл тұста шығармашылықтың ең жоғарғы актісі ретінде дін мен өнер бірігеді.

## Қорытынды

Сондай-ақ эмоцияны білдіруге арналған тіл бірліктерінен Жүсіп Хас Хажиптің түркі мәдениеті формасынан бүгінге қандай элементтер жеткендігі, жалпы эмотивті лексиканың саны мен жиілігі, басым эмоция сипаты анықталды. Аударма тәсілдерінің әралуандығына байланысты эмотивті бірліктердің берілу параметрлері мен тәсілдері де тең еместігі байқалды. Зерттеуге алынған түркі тілдерінің мәдени-ұлттық ерекшеліктеріне сай әрқайсысының эмотивті әлеуеті әртүрлі; Соған сәйкес салыстырылған аудармалардағы эмотивті мазмұнның берілу тәсілдері де ерекшеленеді; Зерттелген тілдердегі позитив-негатив эмотивті лексиканың арақатынасы бойынша жағымсыз мазмұнды бірліктер басым.

Түркі тілдеріндегі, «Құтты білік» дастанындағы эмотивті лексиканы талдай келе және ол мысалдардың қазіргі түркі тілдеріндегі аудармаларын салыстыру нәтижесінде мынадай қорытындылар жасадық:

1. Сөздердің эмотивті қызметте қолданылу жиілігі бойынша мәтінде ең көп білдірілетін эмоция – өкініш. Ол эмоцияны білдірудің бірнеше тәсілдерімен беріліп отырады. Бірде автор өкінішті сипаттай келе, кейіпкеріне өз өкінішін, өз өзіне ренішін, налу сезімін сөздерімен білдіртсе, бірде символдық, бейнелі тәсілдер алға шығып отырады. Тек номинация арқылы өкініш сезімін білдіретін бұл «*ökün*» сөзімен 931 рет кездеседі.

2. «Құтты білік» көне түркі тілінде жазылса да, эмоцияны бейнелеуші, білдіруші, сипаттаушы тіл бірліктерінің, сөз тіркестерінің көбі бүгінгі түркі тілдерінде актив қолданыста екендігі анықталды. Яғни эмотивті лексиканың ұлттық-мәдени ортақтықтары ортаға шықты.

3. Ал аудармалар арқылы эмотивті бірліктердің тіларалық байланыстағы функциясы, семантикасы, екінші тілге аударылу ерекшеліктері анықталды.

Эмоция адамның тілі, ұлттық ерекшеліктеріне тәуелді болмағанымен, бәріне қатысты. Яғни

эмоцияның білдірілуі мен қабылдануы, мәні мен бағыты өзіндік мәдени сипатқа ие. Әрине, ол сипат, ол ерекшелік тіл мен сөйлесімде көрініс табады. Тіпті ғалымдардың өзі де белгілі бір оқиғаға әртүрлі мәдениет өкілдері әртүрлі эмоциямен қарайтынын дәлелдеген. Т.Ларина өз еңбегінде жеке қарым-қатынастағы мәселелерге еуропалықтарға қарағанда, жапондықтар көбіне мұнды сезіммен қарайтынын мысал етеді (Ларина, 2017: 97). Яғни эмоцияны білдіруде әр халықтың өзіндік мәдени ерекшеліктері бар екені анық. Бір халық эмоцияны еркін түрде білдіретін болса (мысалы, арабтар, латынамерикалықтар), ал екінші бір халықта сезімге ерік бермеу, эмоциянды білдірмеу жақсы қасиет ретінде бағаланады (фин, эстон, ағылшындықтар, әсіресе, қытай, жапон халықтары). Яғни тілдердегі эмотивті бірліктер және олардың қолданылу ерекшеліктері әр халықтың эмоцияны білдіруге қатысты мәдени шартты ерекшеліктерінің көрсеткіші бола алуы мүмкін.

*Белгілі бір тілдегі эмотивті бірліктің екінші бір тілде баламасы болмауы мүмкін;*

*Түркі тілдеріндегі түбірлес, мәндес сөздердің қолданыстағы мағынасы да, қызметі және эмотивті реңі басқа болуы мүмкін; Демек тілдеріндегі ортақ лексиканың қызметі әр тілде әр басқа;*

*Екі мәдениет өкілі қарым-қатынасында «мәдени шок», «жатырқау» ұғымдарында эмоциялық сөз, қатынастың да орны ерекше;*

Сонымен эмотивтілік сөздің лексикалық мағынасының семантикалық компоненті ретінде кез келген тілдің сөздік қоры мен сөздің семантикалық құрылымының дамуында аса маңызды рөл атқарады. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, эмоцияның вербалды таңбаларын дәл ашпайынша, лингвомәдени шеңбердегі коммуникация дұрыс болмайды. Эмоцияның кроссмәдени қарым-қатынас кезінде рөлі зор. Эмотивті мағынаның бірнеше сипаты бар. Біріншісі – олардың дискреттілігі. Екінші – тілде эмотив бірдей логикалық-заттық мағынаға ие болғанымен, олардың эмотивтік семантикасы әртүрлі болу ықтималдығы. Сондай-ақ мұндай сөздер бірдей денотативті мағынаны білдіріп, жағдаятқа, жұмсалымына қарай екі түрлі эмоциялық реңк алуы да мүмкін. Бұл сөзімізге жоғарыда мысалдар келтірдік. Мұндай сәйкессіздік түркі тілдері шеңберінде болары сөзсіз.

#### **Қысқартулар:**

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық.

TDK – Türk Dili Kurumu

ҚТКСС – Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі

КВ – Құтты білік дастаны (түпнұсқа мәтін)

#### **Әдебиеттер**

- Alba-Juez L., Larina T. (2018) Language and emotion: discourse-pragmatic perspectives / Russian Journal of Linguistics V.22. № 1. С. 9-37.
- Hacizade N. (2012) Bilişsel Dilbilim açısından duyguların dili, Çizgi Kitabevi, A. – 214 s.
- Лусиф Баласағұнлы. (1994) Гутадгу Билик – хошбөхтлијә апаран елм. Түркијә түркчәсиндән вә өзбәк түркчәсиндән истифадә етмәклә Хаганијә түркчәсиндән чевирунләр өн сөз вә гејдләрин мұәллифләри Камил Вәлијев, Рамиз Әскәр. Бақы – 205 с.
- Kalkan N. (2020) Kutadgu Bilig’de olumlu ve olumsuz duygular. Positive and Negative Emotions in Kutadgu Bilig, Dil Araştırmaları, Bahar 26: 103-138 с.
- Schwarz-Friesel, M. (2015) Language and emotion. The cognitive linguistic perspective. In Emotion in Language. U. Lüdke (ed.). Amsterdam, John Benjamins. pp.125-135.
- Tuzlu A. (2020) Tatar Türkçesinde ve Türkiye Türkçesinde Duyguları İfade Eden Leksik Dil Unsurları. VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı: 24-28 Eylül 2012.-- Ankara: Türk Dil Kurumu. pp.178-183.
- Wierzbicka, A. (2019) The biblical roots of english 'love': The concept of 'love' in a historical and cross-linguistic perspective. International Journal of Language and Culture, 6 (2), 225-254.
- Yûsuf Hâs Hâcib. (1959) Kutadġu bilig. Metin hazırlayan Mustafa Kaçalin T. С. Kültür ve turizm bakanlığı kütüphaneler ve yayımlar genel müdürlüğü <https://ekitap.ktb.gov.tr/Eklenti/10716,yusufhashacibkutadgubiligmustafakacalinpdf.pdf?0>
- Yusuf Has Hacib. (1959) Kutadgu Bilig. Tercüme. Reşid Rahmeti Arat. Türk Tarih Kurumu basımevi – Ankara. – 251 s.
- Байтүрсынов А. (1989) Шығармалары. – Алматы: Жазушы., – 317 б.
- Баласағұн Ж. (1968) Құтты білік. Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы – 616 бет.
- Джалилова Т.А. (1992) Экспрессивность в азербайджанском языке и лексические средства ее выражения: автореферат дис....кандидата филологических наук : 10.02.06.- Баку. –227 с.
- Жаманбаева Қ.Ә. (1998) Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, – 140 б.
- Иманалиева Ф.Қ. (2011) Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, – 255 б.
- Исмаилова Л.Г. (2017) Национально-культурная специфика реализации эмотивной регуляции в коммуникативном дискурсе (на материале азербайджанских фразеологизмов). Дисс.на соиск.уч.ст.канд.филол.наук.: М., – 228 с.



- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. (2008) Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, – 869 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (2011) Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, – 752 б.
- Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. (2019) / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 596 б.
- Ларина Т.В. (2015) Прагматика эмоций в межкультурном контексте // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Лингвистика. № 1. С. 144–163.
- Оспанова Д. (2021) Фразаологизмдер эмотивтілігінің жалпы және түркі тіл білімінде зерттелуі. **ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы**, [S.I.], v.99, №4., 25-33 б.
- Шаховский В. И. (2010) Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. Волгоград., – 128 с.
- Шаховский В.И. (2009) Язык и эмоции в аспекте лингвокультурологии. Учебное пособие. Волгоград. Издательство ВГПУ «Перемена». 2009, – 87 с.

## References

- Alba-Juez L., Larina T. (2018). Language and emotion: discourse-pragmatic perspectives / Russian Journal of Linguistics V.22. № 1. С. 9-37.
- Baitursynov A. (1989) Shygarmalary. (Works). – Алматы: "Zazushi". – 317 b.
- Balagasun Zh. (1968) Kutty Bilik. Kone turki tilinen audargan zhane algysozi men tusinikterin zhazgan A.Egeubayev. – Алматы: Zhazushy – 616 b. (In Kazakh)
- Hacizade N. Bilişsel Dilbilim açısından duyguların dili (2012) (The language of emotions from the point of view of Cognitive Linguistics). Çizgi Kitabevi.: 214. (In Turkish)
- Imanalieva G.K. (2011) Kazak tilindegi emotsionaldy kurylymdar. (Emotive structures in Kazakh Language). – Алматы: Kazak universiteti, – 255. (In Kazakh)
- Ismailova L.G. (2017) Natsionalno-kulturnaya spetsifika realizatsii emotivnoi regulatsii v kommunikativnom diskurse (na materiale azerbayjanskikh frazeologizmov).(National and cultural specifics of the implementation of emotional regulation in communicative discourse (on the material of Azerbaijani idioms). M., – s. 228. (In Russian)
- Jalilova T.A. (1992) Ekspressivnostv azerbayjanskom yazыke i leksicheskie sredstva ee vyrazhenie. (Expressiveness in the Azerbaijani language and lexical means of its expression)- Baku. s 227. (In Russian)
- Јусиф Баласағунлу. (1994) Гутадгу Билик – хошбәхтлијә апаран елм. (Kutty Bilik). Түркіјә түркчәсиндән вә өзбәк түркчәсиндән истифадә етмәклә Хаганијә түркчәсиндән чевирәнләр өн сөз вә гејдләр ин мүәллифләри Камил Вәлијев, Рамиз Әскәр. Бақы – 197. (In Azerbaijani)
- Kalkan N. (2020). Kutadgu Bilig’de olumlu ve olumsuz duygular. (Positive and Negative Emotions in Kutadgu Bilig). Dil Araştırmaları, Bahar 26: 103-138 c. (In Turkish)
- Kazak adebi tilinin sozdigi (2011) (Dictionary of the Kazakh Literary Language). On bes tomдық. 1-том. / Т.Zhanuzak, S.Omarbekov, A.Zhunisbek t.b. – Алматы, – 752. (In Kazakh)
- Kazak tilinin kirme sozder sozdigi. (2019) (Entry Dictionary of the Kazakh Language) / Kurastirgandar: Sh.Kurmanbaiuly, S.Isakova, B.Mizamhan, t.b. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросу» kogamdyk kory. – 596 b. (In Kazakh)
- Kazak tilinin tusindirme sozdigi. (2008) (Explanatory dictionary of the Kazakh language). T.Zhanuzakov. – Алматы: Daik-Press, – 869 s. (In Kazakh)
- Larina T.V. (2015) Pragmatika emotsii v mejkulturnom kontekste // Vestnik Rossiiskogo universiteta drujby narodov. Lingvistik. № 1. s. 144—163.
- Ospanova D. (2021) Frazeologizmdar emotivtiliginin zhalpy zhane turki til biliminde zerttelui [The study of emotivity of phraseologisms in general and Turkic linguistics]. KazUU xabarshysy. Shygystanu seriyasy, [S.I.], v. 99, №4, p. 25-33.
- Schwarz-Friesel, M. (2015). Language and emotion. The cognitive linguistic perspective. In Emotion in Language. U. Lüdke (ed.). Amsterdam, John Benjamins. pp.125-135.
- Shakhovsky V.I. (2009) Yazık i emotsii v aspekte lingvokulturologii. (Language and emotions in the aspect of linguoculturology). Uchebnoe posobie. Volgograd. VGPU Peremene, 2009, 87 s. (In Russian)
- Shakhovsky V.I. (2016) Dolingvistika, lingvistika, lingvokulturologia. (Dolinguistics, linguistics, linguoculturology). – Moskva: Librom. 128 s. (In Russian)
- Tuzlu A. (2020) Tatar Türkçesinde ve Türkiye Türkçesinde Duyguları İfade Eden Leksik Dil Unsurları. (Turkish, Tatar and Turkish Lexical Language Elements Expressing Emotions in Turkish.). VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı: 24-28 Eylül 2012.-- Ankara: Türk Dil Kurumu. pp.178-183. (In Turkish).
- Wierzbicka, A. (2019) The biblical roots of English 'love': The concept of 'love' in a historical and cross-linguistic perspective. International Journal of Language and Culture, 6(2), pp. 225-254.
- Yusuf Hâs Hâcib. (1959) Kutadğu bilig. (Kutty Bilik). Metin hazırlayan Mustafa Kaçalin T. C. Kültür ve turizm bakanlığı kütüphaneler ve yayımlar genel müdürlüğü <https://ekitap.ktb.gov.tr/Eklenti/10716,yusufhashacibkutadgubiligmustafakacalinpdf.pdf?0>
- Yusuf Has Hacib. (1959) Kutadgu Bilig. Tercüme. (Kutty Bilik. Translation) Reşid Rahmeti Arat. Türk Tarih Kurumu basımevi – Ankara. 251 s. (In Turkish)
- Zhamanbayeva K.A. (1998) Til koldanysynyn kognitivtik negisderii: emotsia, simvol, tildik sana.(Cognitive bases of language use: emotion, symbol, linguistic consciousness.) – Алматы: Gylym, pp.140. (In Kazakh)